

## ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 16.10–20.10

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.10	Сейсенбі 17.10	Сәрсенбі 18.10	Бейсенбі 19.10	Жұма 20.10
Балаларды қабылдау	<p>«Күлімсіреу» ойын-тренингі</p> <p>Жаңа күн келді.</p> <p>Мен сендерге күлімсіреймін, ал сендер бір-біріңе күлімсірейсіңдер.</p> <p>Бүгін бәріміз бірге болғанымыз қандай жақсы.</p> <p>Біз сабырлы және мейірімді, жайдары және жақсымыз.</p> <p>Біз бәріміз саумыз.</p> <p>Иллюстрацияларды қарау:</p>	<p>Осы аптаның өлеңі</p> <p>Менде үлкен отбасы бар екенін білдім.</p> <p>Соқпақ та, орман да, Алқапта әр масақта, Өзен, аспан көк –</p> <p>Мұның бәрі менікі, жақын,</p> <p>Бұл менің Отаным, Мен әлемде бәрін жақсы көремін!</p>	<p>«Ата-анаңыз қайда жұмыс істейді» әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: мамандықтар туралы түсініктерді кеңейту. «Мен үйде қалай көмектесемін» коммуникативті әңгіме ойыны</p> <p>Мақсаты: отбасындағы міндеттер туралы идеяларды қалыптастыру</p>	<p>«Біздің отбасымыз табиғатқа қалай көмектесті» ситуациялық әңгіме</p> <p>Мақсаты: балалардың табиғатқа экологиялық саналы көзқарасын қалыптастыру</p>	<p>«Өз үйім өлең төсегім» деген мақалмен танысу</p> <p>Мақсаты: талқылау</p>

	«Отбасылық демалыс»				
Ата-аналар мен кеңес, әңгімеле су	Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануы және балалардың құрдастарымен қарым-қатынас ерекшеліктері туралы әңгімелер				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	<p>«Құстар (андар, балықтар)» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: жануарларды, құстарды, балықтарды жіктеу және атау қабілетін бекіту</p> <p>(қоршаған әлеммен танысу + математика)</p> <p>«Қалай өмір сүресіз?»</p> <p>Мақсаты: балаларда қимылдарды дұрыс сипаттау және бір уақытта сөйлеу, ойлау дағдылары, қозғалысты үйлестіру қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту + дене</p>	<p>Дидактикалық ойын «Үшінші артық» (құстар).</p> <p>Мақсаты: балалардың құстардың алуан түрлілігі туралы білімдерін бекіту</p> <p>(қоршаған әлеммен танысу + математика).</p> <p>«Керісінше айт» ашық ойыны</p> <p>Мақсаты: тез үйрену, мағынасына қарама-қарсы сөздерді табу; есте сақтау қабілетін, ақыл-ой қабілетін дамыту; баланың сөздік қорын</p>	<p>Дидактикалық ойын «Кімге не керек?»</p> <p>Мақсаты: пәндерді жіктеуде жаттығу; белгілі бір мамандықтағы адамдарға қажет заттарды атай білу қабілетін дамыту</p> <p>(қоршаған әлеммен танысу + математика).</p> <p>«Кім кетті?» қимылды ойындар</p> <p>Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін дамыту</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қайда не істеуге болады?».</p> <p>Мақсаты: сөйлеуде белгілі бір жағдайда қолданылатын етістіктерді белсендіру</p> <p>(қоршаған әлеммен танысу + математика).</p> <p>«Суық – ыстық» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру).</p>	<p>«Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту (қоршаған әлеммен танысу + математика).</p> <p>«Дауыстан тану» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: үйлестіруді, зейінді, ұжымда жұмыс істей білуді дамыту</p> <p>(сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу).</p> <p>«Қауымдастықтар» ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық</p>

	<p>шынықтыру).</p> <p>«Мен жасырдым» ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту (математика + шығармашылық).</p> <p>Құрылыс материалымен «Таяқшалардан құрастыру» ойыны</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту; балалардың логикалық ойлауын дамыту (жобалау)</p>	<p>толықтыру (сөйлеуді дамыту + қоршаған әлеммен танысу).</p> <p>«Дұрыс таңдау» ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту (қоршаған әлеммен танысу + математика).</p> <p>«Дамытушы лото» үстел-баспа ойындары (геометриялық фигуралар)</p> <p>Мақсаты: геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімді бекіту; зейінді, қабылдауды, логикалық ойлауды дамыту (математика+ сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу).</p> <p>«Мен өзіммен бірге жолға аламын» ойыны.</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту (математика + сөйлеуді дамыту).</p> <p>«Схема бойынша салу» құрылыс материалымен ойындар</p> <p>Мақсаты: балаларды схемаларға (құрылысқа) назар аударатырып, қарапайым ғимараттарды орындауға үйрету</p>	<p>Ойын «Немен ұқсас және қалай ерекшеленеді?»</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту (қоршаған әлеммен танысу + математика).</p> <p>«Дымбілмес шоты» тақта-баспа ойындары</p> <p>Мақсаты: пәндерді жіктеу, өзін-өзі тексеру дағдыларын дамыту (математика + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>ойлауды дамыту (математика + сөйлеуді дамыту).</p> <p>«Ертегіде қонақта» үстел үсті ойындары</p> <p>Мақсаты: талқылау және шешім іздеу барысында басқа балалармен өзара әрекеттесу (математика + сөйлеуді дамыту)</p>
Ұйымдас тырылған іс-әрекетке	<p>«Не өзгерді» сурет ойыны</p> <p>Мақсаты: зейінді, көрнекі есте сақтауды дамыту</p>	<p>«Кімге жұмыс істеу керек» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: керек-</p>	<p>«Өзіңе жұп тап» музыкалық ойыны</p> <p>Мақсаты: бір-бірімен</p>	<p>«Мамандық дегеніміз не?» әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: ой-өрісін</p>	<p>«Мамандық пен іс-әрекетті атаңыз» дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: сөздік қорын</p>

дайын дық		жарақтардың мақсатын бекіту	танысуды жалғастыру	кеңейту	толықтыру
Ұйымдас тырылған іс-әрекет	<p><b>1.Қоршаған ортамен таныстыру</b> Барлық мамандық қажет әрі маңызды. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. <b>«Не бұрын?» ойыны</b> Тәрбиеші балаларға доп лақтырады. Допты қағып алған бала сұраққа тез жауап беруі керек. Ауырған адамның қасында. Емделудің жөнін айтар. Жазылған адамдар расында. Риза болып, рақмет айтар. (Дәрігер) Тәп-тәтті тамағы Астың маманы. (Аспаз) Қолдағы жұмыс жарағы: Қайшы мен тарағы. (Шаштараз) Ертеден-ерте тұрады Қолына рульді алады. Олай-былай айналдырар,</p>	<p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b> Қасқыр, түлкі, әтеш. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Ертегі жанры. Қасық, түлкі, әтеш ертегісін сурет арқылы түсіндіру. Сөздік жұмыс. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар. Балалар пікірін тыңдау. Қасқыр, түлкі, Әтештің жолын тап ойыны. Ертегі кейіпкерлерінің үйлеріне апаратын жолды сызып көрсету. Жұмбақ шешу. Әтеш, түлкі сөздерін қатыстырып, сөз тіркестері мен сөйлемдер құрау. <b>2.Қазақ тілі</b> Ойнайық та ойлайық. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Игерген сөздерін</p>	<p><b>1. Сауат ашу негіздері</b> Біз дыбыстар мен сөздер туралы не білеміз? Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыс тардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Кіріспе әңгіме. Барлық сөздер дыбыстардан тұрады, дыбыстарды естиміз, айтамыз. Егер сөзде дыбыс көп болса, онда сөз ұзақ, егер сөзде дыбыс аз болса, онда қысқа сөз болады. Дыбыстар сөзде қандай да бір ретпен тізбектеліп орналасады. Кез келген дыбысты бірінен соң бірін жалғап, сөз жасай</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> Отбасының күзгі еңбегі. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Күз туралы сурет бойынша әңгіме жүргізу. Тірек сұрақтар. <b>Ненің жапырағы ойыны.</b> Алтын күз өлеңін оқу. Бау-бақша дағы күзгі еңбек тақырыбында әңгімелеу. Суретпен жұмыс. Балалар пікірі. <b>2.Қазақ тілі</b> Менің отбасым. Менің есімдігімен таныстыру. Отбасы мүшелерін қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету. Сөздік ойын: «Мен бастаймын, сен қолта». Тәрбиеші апта күндерін қайталауды ұсынады. Апта күндері.</p>	<p><b>1. Көркем әдебиет</b> Мақтақыз бен мысық. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, жасырын әрекетін түсіну. Балалар, бір-біріміздің көңіл күйімізді көтеруге мына сикырлы қоңырау көмектеседі. Осы қоңырауды жалғастыру арқылы бір-бірімізге жылы тілектерімізді айтайық. Бұл ойын «Қоңырау» деп аталады. Ендеше мен бастайын, сендер жалғастырыңдар. – Бүгінгі күніміз сәтті болсын! – Достарыңнан жақсы тілек есту ұнады ма? Көңіл күйің көтерілді ме? – Балалар, суреттен нені көріп тұрсыңдар? – Мысық қалай дыбыстайды? – Ол нені жақсы көреді? – Бүгін «Мақтақыз бен</p>

<p>Жолға қарап отырар. (Жүргізуші) <b>Өлең оқып беру.</b> <i>Н.Айтовтың «Еңбектің бәрі мамандық» өлеңін оқиды.</i> Мамандық алғың келе ме? Мамандық өзі немене? Айналаң толған мамандық, Айналаң толған өнеге. Тындайық, кәне, ойлайық, Білімге терең бойлайық. Оқыған маман – шын маман, Мамандық алмай қоймайық. <b>Қандай мамандық иесі ойыны.</b></p> <p><b>2.Сауат ашу негіздері</b> Дыбыстар мен сөздер-біздің көмекшілеріміз. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз</p>	<p>қолданып,сөйлем құру дағдыларын дамыту. <b>Қызық ойыны.</b> Балалар екі топқа бөлінеді. Тәрбиеші балаларға түрлі түсті суреті бар парақтарды таратады.Олар түсі бірдей парақтарды бір-бірімен біріктіреді. Екі топқа ортақ тапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір жауап бір ұпай. Тапсырма. Күз тақырыбы бойынша сұрақтар: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ата? Күз айларын ата? Күз туралы тақпақ оқы? Сурет бойынша сөйлем құра.Көгөністер. Қандай көгөністерді білесің? Артығын тап? (Қызанақ, сәбіз, алма, пияз) <i>қима суреттерден көрсету.</i> Сурет бойынша сөйлем құра.Жемістер. Қандай жемістерді</p>	<p>алмаймыз. Мысалы, мдоп, бұл – сөз емес. Ал «доп» десек, бұл – сөз. Ол – ойын құралы. <b>Артикуляциялық жаттығу жасау.</b> <b>«Күрекше»</b> – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. <b>«Ине»</b> – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. <b>«Төбешік»</b> – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алғасозу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. <b>«Түтікше»</b> – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. <b>«Берілген дыбысқа</b></p>	<p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ә-ә-ә – әже Ө-ө-ө – әке І-і-і- ің-ің – сің-лі. Тақпақ жаттау. Тәрбиеші отбасы мүшелерінқайталап тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Жұмыс дәптерімен жұмыс.Суретті сипатта. Отбасы мүшелері не істейді? Өз отбасың туралы әңгіме құра. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. <b>3.Математика</b> Қуыршақтар қонақта. <b>«Бір – көп» ойыны</b> Қимылды мөлшермен сәйкестендіру, зейінді дамыту. Егер зат біреу ғана болатын болса, қолды бір рет шапалақтайды. Егер зат көп болатын болса, көп рет шапалақтайды.</p>	<p>мысық» атты қазақ халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып беріп, мазмұнын ашу . <b>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</b> – Ертегі не туралы? – Мақтақыз не тауып алды? – Мақтақыз мысықты қалай жазалады? – Мысық қатық іздеп жүргенде нелерге кездеседі? – Мысық құйрығын қалай қайтарып алды? <b>Сергіту сәті:</b> Біз балдырған баламыз, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан! Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. <b>Дәптермен жұмыс:</b> Суреттер бойынша ертегі</p>
---	--	--	--	--

<p>дыбыстарды анықтау.</p> <p><b>Телефон дидактикалық ойыны.</b></p> <p><i>Ойын шарты:</i> балалар, бір-бірінің құлағына сыбырлау арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізеді. Егер ойын барысында сөзді кімде-кім дұрыс естімей кате естіп, сөзді шатастырып алса, «айыбын» төлейді.</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.</p> <p>Қандай дыбыстар болады? Дауысты дыбысты қандай түспен белгілейміз? Дауыссыз дыбыстар қаншаға бөлінеді? Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? Сөздерді буынға қалай бөлеміз? Буынды қалай белгілейміз?</p> <p><b>Дыбыстармен жұмыс.</b></p> <p><b>«Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан</p>	<p>білесің?</p> <p>Артығын тап? (Алма, өрік, алмұрт, құлынай). Жемістер туралы жұмбақтар айтындар? Сурет бойынша сөйлем құра. Жидектер. Қандай жидектерді білесің? Аудармасын тап? ягоды – ... (жидектер), смородина – ... (қарақат), клубника – ... (кұлпынай), малина – ... (таңқурай).</p> <p>Сурет бойынша сөйлем құра. Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды.</p> <p><b>3. Математика негіздері</b></p> <p>5 саны мен цифры. Көрнекілік арқылы сандардың пайда болуымен, цифрмен таныстыру. Қанша? Нешінші? сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p><b>Ойын жағдаяты.</b> Әлия мен Сырым ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады. Тәрбиеші алдымен 4</p>	<p><b>сөз ойлап айт» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Мысалы айтылатын сөздер: алма, алақан, алмұрт, ананас, алша, автобус, акула, алжапқыш, Асқар, Айжан, Асылбек, аспан, ақ, арғымақ, ақыл, алпауыт, апта, асқазан, арыстан, арқан, алқап, алтын т.б. Ойын соңында көп фишка жинаған жеңімпаз анықталады.</p> <p><b>Сөздермен жұмыс.</b></p> <p><b>1-тапсырма</b></p> <p><b>«Сөздерді өлшеуді білеміз» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға әртүрлі сөздер айтады, балалар сөздің ұзын немесе</p>	<p>Адамда неше бас бар?</p> <p>Теңізде неше балық бар?</p> <p>Алашатта неше жолақ бар?</p> <p>Иттің құйрығы нешеу?</p> <p>Өзеннің түбінде неше түйір құм бар?</p> <p>Аспанда неше жұлдыз бар?</p> <p>Ағашта неше жапырақ бар?</p> <p>Гүлдің неше сабағы бар?</p> <p><b>«Қай цифр жоқ» ойыны</b></p> <p>Цифрларды тану, зейіндерін дамыту.</p> <p>Таныс сандардан сандар қатары құрастырылады. Балалар көзін жұмған кезде (түн) бір сан алынып тасталады. Содан соң балалар сандар қатарына қарап, жетпей тұрған санды айтады. Геометриялық фигуралармен, кез келген заттармен осыған ұқсас ойын ұйымдастыруға болады.</p> <p><b>«Домалайды – домаламайды»</b></p>	<p>жүйесін сақтап баянда. Мысық не істеді? Мақтақыз неге ашуланды? Досыңмен кейіпкерлердің диалогін құр. Жұмбақты шеш. Тонын киіп туған, Жалап бетін жуған. (Мысық)</p> <p>Ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге қарап, иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды.</p> <p><b>2. Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Дыбыс және сөз. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыс тардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.</p> <p><b>Дыбыстың не екенін білесің бе?</b></p> <p>Дыбыстарға құлақты түресің бе? Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін,</p>
---	---	--	---	--

<p>тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер. Мысалы: <i>тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жсал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай</i> т.б.</p> <p><b>«Кім алғыр» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұяң болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрыштыкөтересінде р</p> <p>Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у.</p> <p>Дәптермен жұмыс.</p> <p>Суретке кара. Үш дыбыстан тұратын</p>	<p>әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады. Одан кейін бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды.</p> <p>«Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады. (Бес).</p> <p>Қалай кейіпкерлер саны 5-еу болды? (5 дегеніміз – 4және 1).</p> <p><b>Дәптермен жұмыс</b></p> <p>Тәрбиеші 1-тапсырмада моншақтарды санауды ұсынады. Төменнен сонша моншақты бастырып сызуды сұрайды. Тағы біреуін бастырып сызса, нешеу болады? – Қанша моншақ болды? (Бесеу)</p> <p><b>5 цифрасымен танысу.</b></p> <p>Үстелдегі карточкалар немесе дәптердегі жазбалар арасынан 5 цифрын табады.</p> <p>Тәрбиеші 5 санымен цифры туралы өлеңдер оқиды.</p> <p>Басбармағым – әкем, Балаң үйрек – шешем, Ортақ тірек – ағам,</p>	<p>қысқа екенін анықтайды.</p> <p>Алақанды бір-біріне жақындату арқылы сөздерді өлшеуге болатындығын айтады. Егер қысқа сөз болса, онда екі алақанды бір-біріне жақын, ал ұзын сөз болса, онда екі алақанды бір-бірінен алшақ ұстайды.</p> <p>Мысалға айтылатын сөздер: <i>көз, бағдаршам, лақ, жолбарыс, бақа, тасбақа, доп, секіртпе.</i></p> <p><b>2-тапсырма</b></p> <p><b>«Бір сөзбен айт» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>Мен сендерге заттардың атын білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер</p>	<p>Заттың пішінін анықтау. Пішіндердің қасиеті.</p> <p>Егер аталған зат домаласа, қол шапалақтайды, егер домаламаса, аяғын топылдатады.</p> <p>Мысалы, қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, банка, жапырақ, апельсин, үйшік, доп, ...</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p>Күзгі жаңбыр. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Көңілді балалар» литва халық әуені. Балалар музыканы тыңдайды, көңілді ырғақпен тізені жоғары көтеріпсекіреді, серіппе жасайды, шапалақтайды, аяқ топылдатады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p>	<p>жаңбырдың тырсылың, Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де«Дыбыстар» деп атаймыз.Өлең жолда рында кездесетін дыбыстарды айтып көрейікші.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс</b></p> <p>Өлеңді тыңда. Заттар мен табиғат құбылыстарының дыбыстарын ата. Жасанды дыбыс шығаратын затты қорша.Балалардың жауаптарын тыңдайды. Балалар өлең жолдарындағы кездесетін заттардың, табиғат құбылыстарының дыбыстарын ажыратып айтады.</p> <p>Сонымен қатар табиғи емес жасанды дыбыстар бар, олар – адам қолынан жасалған әртүрлі заттар арқылы шығатын</p>
--	---	---	--	---

<p>сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, нар, ала.) Дыбыстық талдау жаса.</p> <p><b>3.Музыка</b> Күзгі жаңбыр. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен,оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Көңілді балалар» литва халық әуені Балалар музыканы тыңдайды, көңілді ырғақпен тізені жоғары көтеріп секіреді, серіппе жасайды, шапалақтайды, аяқ топылдатады.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев). <b>Ән айту:</b> «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың, Жауды жаңбыр төк-төк, Шелек-шелек көп, көп Жон арқанды тос, тос, Күнбағыс, тез өс, өс. Үйренген «Күзгі әуен»</p>	<p>Шылдыр шүмек апам, Кішкентай бөбек – мен. Бір үйде біз нешеуміз? Бірү йде біз бесеуміз. Тәрбиеші тақтада, ал балалар үстелде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады</p> <p><b>4.Шығармашылық іс-әрекет</b> Қаз балапанымен. Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру. Жұмбақтар шешу. Қонаққа үй құстарының ауласына барамыз. –Балалар, үй құстарын атаңдар? – Оларды неге үй құстары деп атаймыз? – Оларға адамдар қалай қамқорлық жасайды? <b>«Кім қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны.</b> Қаздың жұмыртқасының пайдасы туралы айтады. Оның дене бөліктерін көрсетеді. Үй құстарына адамдар ежелден қамқорлық жасап, үй</p>	<p>сол сөздердің ортақ атауын айтасыңдар. Мысалы: Қазан, кесе, шанышқы. Бұлар нелер? Ыдыстар. Мысалға айтылатын сөздер: керует, үстел, орындық; алма, алмұрт, шие, жүзім; сәбіз, пияз, картоп, қызанақ; көйлек, шалбар, тон; бәйшешек, қызғалдақ, раушан; нан, сүт, май, шұжық; сиыр, қой, ит, жылқы; арыстан, қасқыр, түлкі; шырша, қайың, терек.</p> <p><b>3-тапсырма</b> <b>«Кері атауын ата» дидактикалық жаттығуы</b> Мен сендерге қандай да бір сөз айтамын сендер</p>	<p>«Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев) <b>Ән айту:</b> «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев) Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың, Жауды жаңбыр төк-төк, Шелек-шелек көп, көп Жон арқанды тос, тос, Күнбағыс, тез өс, өс. Үйренген «Күзгі әуен» әнін (А. Досмағанбет) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. <b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі» <b>Ойындар, хороводтар:</b> «Күн мен жаңбыр»</p>	<p>дыбыстар. Тәрбиеші тақтаға әртүрлі суреттер іліп, балаларға көрсетеді. Бұл жерден неніңдыбыстары шығуы мүмкін екенін балалардан сұрайды. Асхана (балалар асханада неніңдыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: миксер, блендр, газдың, шәйнек), жуынатын бөлменің суреті (балалар жуынатын бөлмеден ненің дыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: су, себезгі), зауыт, фабрика, зауыт суреттері (мотордың гүрілі естілуі мүмкін екенін айтады), көшенің суреті (түрлі көліктердің дыбысы естілетінін айтады). <b>«Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы.</b> Шарты: педагог балаларды үш топқа бөліп, 1-топқа екі дыбыстан, 2-топқа үш дыбыстан, 3-топқа үш дыбыстан көп дыбыстан</p>
--	---	--	--	--



<p>энін (А. Досмағанбет) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<b>Билер:</b> «Көңілді қолшатырлар биі» <b>Ойындар, хороводтар:</b> «Күн мен жаңбыр» <b>4.Дене шынықтыру</b> Акробат болғым келеді. Жалпы дамытушы жаттығулар.Негізгі қимылдар.Секіру. Денсаулық ойын тренингі Тізбекте бір-бірден жүру, кәдімгі жүріс және аяқты айқастырып жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру.Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амлитудада ұстап, 4 метр жерге дейін жүру.Жүрудің түрлерін орындайды. Өртүрлі жүріс түрлерін орындайды. Төрт тізбекке тұру.Таспамен орындалатан жалпы дамыту жаттығулары. Арқаларын бүкпей, төмен иіледі, алдыға тура қарайды.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату ( 1-2 – топтық әдіс, 3 –</p>	<p>құсы ретінде ұстайды. Бүгін сендер үй құсы – қазды балапанымен жапсырасыңдар. Үлестірмелі материалдағы қаздардың суретіне назар аудару. Қаздардың дене бөліктерін қиып аламыз. Балалар назарын объектілердің көлеміне (яғни қаз үлкен, балапан кіші) аударту. Үлгіде көрсетілген жолақтағы геометриялық пішіндерді қию. Түс сәйкестігін, геометриялық пішіндердің көлемін ескере отырып қию: - басын кіші көлемдегі 1 үшбұрышты пішінді қию; - мойнын 2 шаршы және кіші көлемдегі 1 үшбұрышты пішінді қию; - кеудесін 1 кіші - үшбұрыш және 2 үлкен - үшбұрыш пішіндерді қию. Дайын қиылған - геометриялық</p>	<p>сол сөздің кері мағынасын айтасыңдар. Мысалы: ыстық-суық; кішкентай-үлкен; ақ-қара; қатты-жұмсақ; биік-аласа; ауыр- жеңіл; ұзын-қысқа; ашулы-көңілді; жас-кәрі; ашты-тәтті, мықты-әлсіз, көп-аз, жалпақ- жіңішке. Дәптермен жұмыс. <b>2. Математика негіздері</b> 5-ке дейін санаймыз. <b>Ойын жаттығулары</b> Цифрды,санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру Тәрбиеші балаларға әрүстелге текшені таратып береді, оныңәр қырларында бірден-беске дейін нүктелер болады. Тәрбиешінің текше және заттық суреттері бірдей. 1– 5</p>			<p>құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді. <b>1-топ:</b> <i>ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой,өр, ұр,аң, ат, ши т.б.</i> <b>2-топ:</b> <i>бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр,кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, шие, сыз, қыз т.б.</i> <b>3-топ:</b> <i>қара, тара, жара, сары, қора, қылыш, сағыз, алма, қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр, қала, дала, бала т.б.</i> <b>«Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен).</b> Мысалы: <i>ааалма(а), ттттиін(т)</i> <b>3. Қоршаған ортамен таныстыру</b> Үлкенге құрмет,кішіге ізет. Ата-ана еңбегін түсіну,адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз, Барлығына бас иіп, Сәлем бердік біз.</p>
---	---	---	--	--	--

	<p>толассыз әдіс): <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қарлығаш» «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады».</p> <p>«Теңіз жағасында» релаксациясы.</p>	<p>пішіндерді үлгіні назарға ала отырып жапсыру.</p> <p><b>«Қаз және балапандар» қимылы аз ойын.</b> Бір бала қаз болып алдында жүреді, қалғандары балапандар қаз қайда жүрсе балапандар соңынан ереді. Ойынды 2 рет ойнайды.</p>	<p>зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Жұмысты топпен орындайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.</p> <p><b>Санақ материалымен жұмыс.</b> Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға – модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады.</p> <p><b>Тапсырма</b> Сана. Тиісті сандықоршапсыз. Алдыментапсырман ы талқылайды. Қанша қарындаш бейнеленген? (Бес.)</p>		<p>Бірін-бірі сыйлау, бір-бірін тыңдау, өз ойын нақты жеткізу, белсенді қатысу. Әдеп туралы әңгіме. Әке-асқар тау, Ана-аққан бұлақ, бала – бауырындағы құрақ. Аспанымыз ашық болсын! Өміріміз күлкіге толсын. Деніміз сау, отбасымыз аман болсын! Әр күніміз жарық болсын! Еліміз тыныш болсын! <b>Не істеуге болмайды? ойыны.</b> Үлкендердің алдынан кесіп өтуге болмайды. Кішкене баланы жылатуға болмайды. Құстарды атуға болмайды. Қыз баланы ренжітуге болмайды. Сабақтан кешігуге болмайды. <b>Не істеу керек? ойыны.</b></p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b> Бізбен бірге және бізден артық орында. Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар. Секіру. Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады. Орташа</p>
--	--	---	---	--	---

			<p>5 цифрды тауып, бояйды. Жұмысты өз бетінше орындайды.</p> <p><b>Тапсырма.</b> Әр паровоздакөрсетілген сан қанша болса, сонша вагон болатындай толықтырып суретін салу. Балалар санды атайды, санайды, қанша вагон жоқ екенін айтады. Суретін салады. Жұмысты жеке орындайды.</p> <p>«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет</b> Арыстан мен тышқан. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Бүгін біз «Арыстан мен тышқан» атты қазақ халық ертегісімен</p>		<p>қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді. Дене бітімдерін, бастарын тұзу ұстайды. Теріс қарап жүру: қолды сәйкес амплитудада ұстап, 3 метрге дейін жүру.</p> <p><b>Жүппен ЖДЖ «Жүп фигура» ойын-жаттығуы.</b> Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату: <b>Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет).</b> Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады. «Мейірімділік деген не?» ойын-тренингі Әрқайсысымыздың жүрегіміз мейірімге толы. Бір-бірімізге қарап, жылы сөздер айтайық. Күлкі сыйла ойын-жаттығуы.</p>
--	--	--	--	--	---

			<p>танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Балаларға ертегіні оқып береді. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>– Ертегі қалай аталады?</li><li>– Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті?</li><li>– Тышқанды арыстан қалай ұстап алды?</li><li>– Тышқан арыстанға не деді?</li><li>– Арыстан тышқанның уәдесіне неге күлді?</li><li>– Арыстан тұзаққа қалай түсті?</li><li>– Арыстанның даусын естіген тышқан қандай көмек жасады?</li><li>– Арыстан тышқанның</li></ul>		
--	--	--	--	--	--

көмегіне неге  
ұялды? Қалай  
ойлайсың?  
– Сергіту сәті  
Орманға біз барамыз,  
Ағаштарды аралап,  
Арыстан болып  
ақырып,  
Тышқанша біз  
жүреміз.

**Дәптермен жұмыс:**

1. Суреттерді кара.

Арыстан тышқанға  
не айтты?

Тышқан арыстанға  
қалай көмектесті?

Тышқанның  
тапқырлығы туралы  
өз ойыңды айт.

Досыңмен диалог  
күр.

2. Суретте қандай аң  
жасырынып  
тұрғанын тап.

**Жұмбақ ойын:**

**«Айна».**

Педагог бір  
кейіпкердің қимылын,  
көңіл күйін көрсетеді.  
Балалар педагог  
салған кейіпкердің  
көңіл күйін  
қайталайды. Қандай

кейіпкер екенін табады.

#### **4. Дене шынықтыру**

Ақылдылар .

Жалпы дамытушы жаттығулар.Негізгі қимылдар.Секіру.

**«Мен өте жақсымын» ойын-жаттығуы.**

Алдымен «Мен» дегенді сыбырлап, одан кейін «өте» дегенді, одан кейін «жақсымын» дегенді сыбырлап айту қажет. Соңында «Мен өте жақсымын!» сөйлемді толық айтады.

**«Кім зейінді?»** ойын-жаттығуы.Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды.Сызық алдына екі тізбекке тұрады.Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату. Саусақ гимнастикасы.Біздің топтың қыздары мен ұлдары бір-бірімен тату – саусақтарын бір-бірімен айкастырады.

			Шынашақтар дос боладышынашақтары н әрі-бері қозғайды. 1, 2, 3, 4, 5 – қайтадан бастап сана. (Шынашақтан бастап әрбір саусақты бір-біріне тигізеді). 1, 2, 3, 4, 5 – біз санап болдық (қолдарын төмен түсіріп, білезіктерін сілкілейді).		
Серуенге дайындық	Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, балалармен спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды жүйелі түрде киіндіру (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Жолаушылар көлігін бақылау  Мақсаты: автомобильдің мәні мен функцияларын түсінуге үйрету; машина (металл, шыны) жасалған материалды анықтау қабілетін бекіту.  Еңбек қызметі: аулада бұтақтар мен	Аула тазалаушының жұмысын бақылау  Мақсаты: тазалаушының жұмысын бақылауды жалғастыру;  сөздік қорын байыту арқылы сөйлеуді дамытуға ықпал ету;  тазалаушының жұмысына	Шетен ағашын бақылау  Мақсаты: балаларды шетен ағашымен таныстыруды жалғастыру.  Еңбек қызметі: күзгі қолөнер үшін терек, тау күлі, тал жапырақтарын жинау.	Бағдаршамды бақылау  Мақсаты: бағдаршамның жұмысы және түс сигналдарының мақсаты туралы білімді бекіту.  Еңбек қызметі: ағаштардың сынған бұтақтарын кесу қайшыларымен алып тастау.	Бақшада ересек адамның жұмысын бақылау  Мақсаты: танымдық белсенділікті жандандыру; бақылауларға тұрақты қызығушылықты сақтау;  егін жинауға белсенді қатысуға шақыру.  Еңбек қызметі: өсімдік жапырақтарын

<p>тастардан тазарту</p> <p>Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойындар:</p> <p>«Біз жүргізуші», «Жұмсақ жапырақтар».</p> <p>Мақсаты: тәрбиешінің командасын мұқият тыңдауға үйрету; зейінді дамыту.</p> <p>Жеке жұмыс: бумда жүру және екі аяқпен секіру</p> <p>Мақсаты: тепе-теңдік сезімін және биіктіктен секіру қабілетін дамыту.</p> <p>Шығарылатын материалмен ойындар</p>	<p>қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу;</p> <p>табиғатқа деген сүйіспеншілікті, қоршаған ортаға ұқыпты және қамқорлықпен қарауды ояту.</p> <p>Еңбек қызметі:</p> <p>аулада гүл тұқымдарын жинау.</p> <p>Мақсаты: тұқымдарды қағаз пакеттерге мұқият жинауды үйрету.</p> <p>«Жаттығудағы өрт сөндірушілер» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: арқан мен гимнастикалық қабырғаға оңай және жылдам өрмелеуді үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс: доппен жаттығу</p> <p>Мақсаты: доппен</p>	<p>Мақсаты: әр түрлі ағаштардың жапырақтарын мұқият жинауға және ажыратуға үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар:</p> <p>«Кезқұйрық пен тауық», «Келесі кім?».</p> <p>Мақсаты: бір-бірін ұстай отырып жүгіруді үйрету; тәрбиешінің сигналын тыңдау.</p> <p>Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту</p> <p>Мақсаты: бір (оң, сол) аяқпен секіруді үйрету.</p> <p>Шығарылатын материалмен ойындар</p>	<p>Мақсаты: адам өсімдіктерге қыста дайындалуға көмектесуі керек деген білімді бекіту.</p> <p>«Бағдаршам» ашық ойыны</p> <p>Мақсаты: бағдаршамның мәні туралы білімді бекіту.</p> <p>Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту</p> <p>Мақсаты: бум серуендеу кезінде тепе-теңдік дағдыларын бекіту.</p> <p>Шығарылатын материалмен ойындар</p>	<p>жинау және кептіру (апликация, қысқы букет, гербарий үшін).</p> <p>Мақсаты: табандылыққа, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.</p> <p>«Оттық» қимылды ойыны</p> <p>Мақсаты: тәрбиешінің сигналы бойынша қозғалу қабілетін бекіту; ойын ережелерін сақтау.</p> <p>Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту</p> <p>Мақсаты: допты еденге екі қолмен соғу қабілетін бекіту.</p> <p>Шығарылатын материалмен ойындар</p>	
---	--	---	---	---	--



		<p>жаттығулар жасауды жалғастыру;</p> <p>жүгіру жылдамдығын дамыту.</p> <p>Шығарылатын материалмен ойындар</p>			
Серуеннен оралу	Шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Дербес ойын іс-әрекеті				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>«Атаммен балық аулау» сюжетті-рөлдік ойыны</p> <p>Мақсаты: ойынға арналған орынды ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.</p> <p>С. Михалковтың « Степа ағай» әңгімесін оқу</p>	<p>«Менің көршілерім» коммуникативті ойыны</p> <p>Мақсаты: зейінді дамыту, логикалық ойлау, өзіне қатысты оң және сол жақтарын дұрыс атай білу</p>	<p>«Пикниктегі отбасы» сюжетті-рөлдік ойыны</p> <p>Мақсаты: балалардың ойын қиялын жетілдіру және кеңейту.</p> <p>«Үлпек» ойын жаттығуы</p> <p>Мақсаты: игі істер жасауға үйрету</p>	<p>Коммуникативті ойын «Отбасындағы ең үлкені (кішісі) кім?»</p> <p>Мақсаты: отбасындағы қарым-қатынас туралы балалардың білімін өзектендіру</p>	<p>Т. Ағыбаловтың «Отбасында не қымбат болуы мүмкін?»</p> <p>Мазмұны бойынша оқу және әңгімелесу</p> <p>Мақсаты: отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Танымдық және зияткерлік дағдылар</p> <p>«Біз сиқыршымыз» ойын</p>	<p>Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі</p> <p>«Түр сызық» ойын</p>	<p>Өлеуметтік-эмоционалды дағдылар</p> <p>Ойын жаттығуы</p>	<p>Коммуникативті дағдылар</p> <p>«Сөйлемді аяқта»</p>	<p>Коммуникативті дағдылар</p> <p>«Дыбысқа еліктеу» дидактикалық ойыны</p>

	<p>жаттығуы</p> <p>Мақсаты: 5-ке дейін санауды бекіту; логикалық есептерді, әзіл есепті шешу</p>	<p>жаттығуы</p> <p>Мақсаты: дұрыс бояуды үйрету</p>	<p>«Үйшікте кім тұрады?»</p> <p>Мақсаты: белгілі бір дыбысы бар сөздерді таңдау</p>	<p>дидактикалық ойыны</p> <p>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, сөздерді тектес және санмен дұрыс атай білу қарым-қатынас дағдылары</p>	<p>Мақсаты: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту:</p> <p>Маша, Алеша, Миша, Ева</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>«Балалардағы психоэмоционалды шиеленісті жеңілдетуге көмектесетін ойындар» ата-аналармен тренинг. Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардағы психоэмоционалды шиеленісті жеңілдету әдістерін қолдану саласындағы ата-аналардың құзыреттілігін арттыру. Шығармашылық байқауға қатысу. Мақсаты: педагогтердің, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының шығармашылық әлеуетін жандандыру</p>				